

Қазақ операсын жасаудағы кейбір елеулі кемшіліктер

БК(б)П Орталық Комитетінің «В. Мураделидің «Ұлы достық» операсы туралы» қаулысы халқымыздың ойлаған жерінен шыққан, нағыз тілегінің үстінен түскен тамаша тарихи документ. Бұл қаулы тек музыка өнері емес, бүкіл көркем өнерімізді, бүкіл рухани күш-қуатымызды мықтап бір серпілдіретін, игілікті іске бастайтын мықты құрал.

Бұл қаулыда көрсетілген сорақы кемшіліктер түгелімен біздің қазақ музыкасында да бар екеніне ешкімнің шегі болмас, Шостакович пен Прокофьевтердің, Мясковский мен Шебалиндердің музыкасындағы совет халқына, оның көркемдік тілегіне жат формалистік бұрмалаушылықтар Қазақстандағы бірқатар композиторлардың басында да бар екені мәлім.

Жамыраған айқай-шулар біздің де құлағымызды көп тұндырған. Ол баспасөз бетінде де, жыйылыстарда да талай айтылған. «Музыка түсіну дәрежесіне әлі жеткен жоқсындар, жүз жылдардан кейін түсінерсіндер» дегенді біз де естігенбіз. Кейбір операға жұрт келмей қойса, оның себебі кей композитор халықтың «надандығы» деп түсінетін, немесе, либретто жазып берген автордан көретін.

«Бекет», «Терең көл», «Алтын астық», «Гвардия, алға», «Айман-Шолпан» сыяқты опералар сахнадан түсіп қалды. Қазақ опера театрының репертуарында ең баянды болып келе жатқан «Қыз Жібек» қана. Бұл опера емес, музыкалы пьеса. Мұның құндылығы халықпен, халықтың музыка және ән творчествосымен біте қайнасқан шығарма болуында. Композитор Брусиловскийдің «Қыз Жібек» музыкалы пьесасына сіңірген еңбегін жұртшылығымыз бағалап келеді.

Бүгінгі күні, музыка өнеріндегі елеулі кемшіліктер сөз болып отырған жағдайда, біз ең алдымен, Брусиловский жолдастың еңбектеріне тоқталамыз. Өйткені, Брусиловский жолдас Қазақстандағы аға композитор. Оның қазақ музыка өнеріне араласқанына талай жыл болды. Композитор Брусиловский өзінің тұңғыш табысы «Қыз Жібектен» дұрыс қорытынды жасай алған жоқ. Брусиловскийдің «Қыз Жібекке» сіңірген еңбегі жақсы нәтиже бере тұрса да, ол композиторлардың тың шығармасы еместі. «Қыз Жібек» музыкасы халықтың әні мен күйінен құралған. Опера өнеріне тұңғыш араласқан кезде халықтың ән-күйінен құралған музыкалы спектакль жасаудың сәкеттігі жоқ. Бірақ, композитор тек халық музыкасына ғана сеніп, өз бетімен ізденбесе, өспесе, бұл сәкет. Брусиловскийдің келесі еңбектері: «Ер тарғын», «Алтын астық», «Гвардия, алға» опералары «Қыз Жібектен» гөрі жоғары көтерілуі керек еді. Бірақ, олай болмай шықты.

Брусиловский «Қыз Жібекке» қолданған әдісін «Ер Тарғынға да» қолданды. Халықтың ән мен күйін құрастыра салудан әрі бара алмады. Бұл құрастырудың өзінде де композитордың өсуге қарай ізденгендігі, халық музыкасын негізге ала отырып, опера жасауға ұмтылғандығы байқалмайды. Кешегі «Гәкку» әнін атам заманғы Қыз Жібекке айтқызып, кешегі Біржанның «Алты басарын», Естайдың «Хорлығайынын» Ер Тарғынға телумен опера жасауға, музыкалы образ жасауға болмайтынын Брусиловский жолдастың өзі де жақсы білуге тиіс. Егер бір драматург Асанқайғы туралы пьеса жазып, оған Абайдың өлеңдерін айтқызып қойса

және ол өлеңдерді өзім жаздым десе, - қандай ерсі болар еді! Олай болса, Брусиловский жолдастың «Гәккуді» Жібекке, «Хорлығайынды» Ер Тарғынға айтқызып, ол «шығармаларындағы» халықтың әндері мен күйлерін композиторлық еңбегім деп жариялауы да сондай ерсі екенінде ешкімнің дауы бола қоймас. Брусиловский еңбектерінің негізгі бір кемшілігі осында жатыр. «Қыз Жібекте де», «Ер Тарғында да» Брусиловский шын мағнасындағы композиторлық творчество жасаған жоқ. Халық творчествосын терең зерттеп білуді, оны орынды жерінде пайдалануды, сөйтіп, қазақ операсын жасауға негіз салуды Брусиловский жолдас шеше алған жоқ. Халық творчествосын пайдалануға творчестволық сын көзімен қараудың орнына, оны тереңірек зерттеп білудің орнына Брусиловский жолдас «онай олжа» әдісін көбірек қолдануды әдет қылып кетті. Соның салдарынан талантты композитор өз творчествосын теріс бағытқа салып алды. Брусиловскийдің творчествосы тыянақ таба алмай, біресе олай (халық әндерін құрастыруға қарай) біресе былай (мағнасыз айқай-шуға қарай) ауытқып беретін халге ұшырады.

Брусиловский «Алтын астық», «Гвардия, алға» операларында өз өнерін көрсетуге тырысты. Бұлары сәтсіз болды. Театр сахнасында ұзақ өмір сүре алмады. Тыңдаушылардың көкейіне қонбады, құлаққа жағымсыз болды. Рас, Брусиловский бұл операларында да халық әндерін (өте орынсыз болса да) аздап пайдаланды. Бірақ, ол халық әндері композитордың творчествосына сіңіспей, бөп-бөлек болып тұрып алды. Немесе «Дудар-ай» сықылды әндер, композитор қаншама исе де, фокстрот болуға көнбей қойды. Сонымен, бұл опералар не онда жоқ, не мұнда жоқ қакафонияға, үндердің жамыраған шуына айналды. Либретто бір бөлек, музыка бір бөлек жатты. Өміріміздің үні

естілмеді, адамдарымыздың бейнесі жасалмады. Бұл опералар Брусиловский жолдастың халқымыздың музыкалық тілегін әлі түсініп жетпегендігін көрсетті; қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік музыка өнерін, операсын жасауға жеңіл-желпі қарауды әдет етіп кеткенін байқатты.

Нағыз былыққан, тыжырындыратын музыканы композитор Великановтың «Тұтқын қызынан», композитор Зильбердің «Бекетінен» естідік. Совет халқына, оның көркемдік тілегіне жат, музыка көркем өнерін жоюға бағытталған формалистік бұрмалаушылықтар, мағнасыз, идеясыз, әсре жаңашылдық дәл осы «Бекет», «Тұтқын қыз» операларында болды. Бұл операларды жазғандар Қазақ музыкасын түсінбейтін, сондықтан, қазақ халқының музыкалық тілегімен есептеспеген композиторлар еді. Амал қанша, сол қоқсықтарға да көп қаражат, көп еңбек кетті.

«Музыка сыны совет жұртшылығының пікірін, халықтың пікірін білдіруден қалып, жеке композиторлардың айқайшысына айналды. Кейбір музыка сыншылары принципшіл, әділетті сын орнына, тамыр-таныстыққа бола белгілі бір музыка лидерлерінің творчествосын барынша дәріптеп, оларға жағыну, жарамсактану жолына түсті». БК(б)П Орталық Комитеті қаулысының дәл осы жері Қазақстан композиторларына арналған сыяқты. Бұған қосарымыз — Қазақстанда музыка сыны тіпті мешеу дейміз.

Есте қаларлықтай, жұртшылыққа тарарлықтай мелодияның, арияның аздығы Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамиди жазған «Абай» операсында да бар. Абай туралы жазылатын операдан жұртшылықтың күткені дәл қазіргі «Абай» операсындағыдан көбірек еді. Ұлы Абайдың бейнесін бұл операдан толық көре алған жоқпыз. Дегенмен, бұл опера, сол сыяқты, «Біржан сал», «Төлеген Тоқтаров»

опералары қазақ опера өнерінің осу жолындағы елеулі табыстары. Бұлардың тобына, халық творчествосынан құралған монтаж болса да, «Қыз Жібек» қосылады. Бірақ, осы табыстарымыздың өзі бүгінгі жұртшылықтың өскен тілегінен төмен жатыр. Өз өміріміздің үнін операдан көбірек, тереңірек естігіміз келеді.

Қазақ операсында жоғарыда айтылған кемшіліктердің кең орын алу себебі неде? Оның ең басты себебі — БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысында айтылған музыканың «... Халықпен, халықтың музыка және ән творчествосымен біте қайнасқан байланыстылығын, музыка шығармаларының түсінікті, жеңіл болуымен бірге жоғары дәрежелі профессионалдык шеберлігін негізге алатын реалистік бағытты өркендету орнына, іс жүзінде совет халқына жат формалистік бағытты қолдап» келгендікте. Мұның үстіне Қазақстан композиторларына тән тағы бір себептер бар.

Біріншіден, түрі ұлттық, мазмұны социалистік көркем өнер жасау деген қағыйданы біздің кейбір композиторларымыз үстірт түсінеді. Қазақ халқының музыка мұрасы бай екенін, ұлттық түр болғандай, оған социалистік мазмұн қонғандай ерекше хасиеттері мол екенін жете түсінбейді. Қазақ халқының музыкасы терең зерттелмейді, оның ұлттық хасиеттерін композиторларымыз айқындап ашпай келеді. Совет әдебиетінің атасы Максим Горький сүйсінген қазақ музыкасын біздің композиторларымыз таный алмай келеді. Сол бай материалдан ұлттық опера жасаудың жолын әлі таба алмай келеді.

Екіншіден, біздің бірқатар композиторларымыз қазақ халқы үшін еңбек етіп жүріп, қазақтың тілін білмейді, тұрмысын білмейді, ұлттық рухани тілектерін білмейді. Құр қара дүрсінге салады. Керек десе, өздері музыка жазып отырған либреттода не айтылып отырғанын, оның тексіндегі хасиеттерін, ерекшеліктерін

білмейді. Осыдан келеді де текстіде «тірілдім» деп тұрса, музыкада «өлдім» деп тұрады. Жалпы, біздің композиторларымыз драматургияны нашар біледі, қолдарына не тисе, соған талғамай музыка жаза береді.

Үшіншіден, көркем өнер істері басқармасында, театрда, композиторлар одағында музыка мамандарының өзара творчестволық айтысы, батыл сын, музыканың беталысы, бағыты туралы кеңесі дағдыға айналмаған. Композиторлар халық тілегіне, жұртшылық пікіріне құлақ тосып, содан қортындылар шығарып отырмайды. Творчестволық жігер жеткіліксіз. Операны тым оңай жаза салады.

Төртіншіден, біздің либреттоларымыздың бірқатары нашар жазылып келеді. Жақсы музыканы поэзиялы материал шақырады. Сырты жалтылдаған, іші құрыс жансыз сөздер композитордың сезіміне тимеген соң, жансыз, жігерсіз музыка жазыла салынады. Оның үстіне, біздің либретто жазушыларымыз өздерінің текстілеріне композитор не жазып жатқанын бақыламайды, бұлар музыканы білмейді, аналардың бірқатары текстіні білмейді, тек ымдасады.

Бесіншіден, сол операларды сахнаға шығаратын театр коллективінің өзі жоғары талап қою деген сөзді баса айтқандарымен іс жүзінде қолға ілінгенін қорек етумен келеді. Театр композиторларды өз творчестволық ыркына көндірудің орнына, олардың алақанына қарайды.

Қазақ операсындағы халыққа жат, жұртшылықтың көркемдік тілегіне қайшы формалистік бағытты, өмірден аулақ кеткендікті, творчестволық мешеулікті тез жойып, қазақтың түрі ұлттық, мазмұны социалистік толық тұлғалы опера көркем өнерін жасайтын болайық! БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысына творчестволық еңбекпен жауап беретін болайық!

Қ. АМАҢЖОЛОВ